

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

**«Отаным менің Қазақстан!»
«Құлыншақй» ортаңғы тобы**

2025-2026 ж

«Отаным менің-Қазақстан!»

Балалар залға музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша, топперлер ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Балалар Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар: - Қазақстан Республикасы.

Жүргізуші: - Президенттерің кім?

Балалар: - Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жүргізуші: -Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: - Ашық аспандай көгілдір туымыз бар,

Мағыналы ән ұранымыз бар,

Қасиетті бой тұмар елтаңбамыз бар.

Саяхатшы: - Өте жақсы. Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,

Тоқтамайды дүбір әні.

Мәңгі бақи шырқалады,

Республика Гимні!

ҚР. Гимні орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Жүргізуші: :Балалар осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді дәлелдейсіңдер ме? Олай болса бізге бүгін Қазақстан поезді келген екен. Бұл поездға отырып Қазақстан туған Отанымызға саяхаттаймыз ба? Олай болса балалар саяхаттау үшін вагондапда берілген тапсырмаларды орындауымыз керек екен. Бірінші вагонның тапсырмасы Мемлекеттік рәміздердің көлеңкесін тап дейді. Мында көлеңкелері берілген, соған сай рәміздерді тауып орналастырамыз..

- Қасиетті Қазақстан мекенім,

Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.

Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,

Болашағым, өнер - білім, өркенім.- Балалардың орындауында "Отан" әні шырқалады.

Ән: «Отан»

Жүргізуші: - Жарайсыңдар балалар, өркендерің өссін, талаптарың оң болсын. Сендерге тілейтініміз білімді, ақылды, елін қорғайтын азамат болыңдар. Жігіттер ер жүректі батыр болсын, қыздар көрікті, сұлу-сымбатты, абыройлы болсын. Ал балалар олай болса екінші вагонның тапсырмасын орындап жіберейік. Екінші вагонның тапсырмасы мақалдарды тап деп аталады. Мұнда әр түрлі мақалдардың суреттері берілген, сол бойынша мақалдарды табатын боламыз

Жүргізуші: - Сән — салтанат жасайық,

Күйсандықты ашайық.

Бұл мереке, бұл тойға,

Бимен шашу шашайық – деп ортаға өздерінің биімен

тәрбиеленушілерімізді шақырамыз.

Жүргізуші: - Балалар, сонымен Отан дегеніміз не?

Балалар: - Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз. Ал үшінші вагонның тапсырмасы Ұлттық құндылықтардың суреттері берілген, солардың жартысын табамыз.

Ясина: Әрбір қазақ батыры,

Желбіреткен көк туың.

Мансур: Отаным менің Қазақстан

Ыстық қой сенің топырағың.

Орманын көлің бау бағың,

Қастерлеген қазағым.

Раяна: Отаным менің Қазақстан,

Мәңгілік сенімен мақтанам.

Саяңда жүрсем әрдайым,

Күлімдеп жүрем бақ табам.

Аруназ: Отан деген атамекен,

Отан деген туған жер.

Отан ана, Отан үлкен,

Қазақстан туған ел.

Жүргізуші: - Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек. Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың. Ал енді соңғы вагонымыздың тапсырмасы көрікті қалаларымыздың боямақтары берілген, боямақтарды әдемі етіп бояймызда барлығымыз поездға отырып, туған Отанымыз Қазақстанға саяхаттауға барамыз.

Жүргізуші:- Күлімде күн, күлімде!
Күлсін барлық бала шат.
Берекелі бүгіндей,

Бейбіт болсын болашақ!- дей келе ертеңгілігімізді “Достық”
әнімен аяқтаймыз.

Жүргізуші:- Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне
бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз!
Сау болыңыздар!!!!

(Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді)